



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ «ТҰР» ҚАЛЫП ЕТІСТІГІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ СТИЛЬДІК СИПАТЫ

Шалабаева А.И.

Azhuka93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.О.Сыздықова, ф.ғ.д., доцент

Қазақ тілінде етістік түбірлерінен ерекше тұратын – *отыр, жатыр, жүр, тұр* қалып етістіктері. Етістіктің аталған түрлері ғалымдар Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаевтың зерттеулерінде қарастырылады. Бұған жалғас Ш.Х.Сарыбаев, Т.Р.Қордабаев осы *тұр, жүр, отыр, жатыр* етістіктерінің жіктелу ерекшеліктері мен шақтық мәніне, Ы.Маманов олардың күрделі етістіктердің көмекші компоненті ретіндегі қызметіне, И.Қ.Ұйықбаев көрініс (вид) категориясына қатысты қызметіне кеңінен тоқталады. Ал профессор С.Аманжоловтың еңбегінде *отыр, тұр* етістіктері тарихи жағынан талданып, көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінен қызықты фактілер келтіріп, *отыр* етістігі жөнінде тың топшылаулар жасалады [1,14-21].

Зерттеушілер А.Ысқақов, Н.Оралбаева, Қ.Қасабек те осы мәселе төңірегінде пікірлерін білдіреді. Атап айтсақ, ғалым Қ.Қасабек «Етістік жанды заттың да, жансыз заттың да белгілі бір қалпын көрсете алады. Қалып етістіктері мен қимыл, іс-әрекет етістігінің мағыналары негізінен жанды, жансыз заттардың іс-әрекеті мен қалпын өзара ажырату арқылы іске асырылады. Соның ішінде *тұр* етістігінің мағынасы тік қалыпта бір жерге орналасу, жайғасуды және белгілі бір орында бола тұру әрекетін де білдіреді. Негізгі мағынасы – бір жерде қозғалмай, аяқты тірек етіп қозғалмай тік орналасу. Адам және жан-жануарлар аяғымен тік қалыпта орналасатын болса, басқа заттар жалпы орналасу, болу мағынасын білдіреді» - дейді [2,83-89]. Ал ғалым Н.Оралбаева қалып етістіктерін толымды көмекші етістіктер деп атап, олардың мынадай белгілерін көрсетеді: «*Отыр, жатыр, жүр, тұр* көмекші етістіктері дербес етістікке тек *-ып, -іп, -п* жұрнағы арқылы ғана тіркессе, қимылдың жасалу үстінде екенін байқатады. Сондай-ақ қимылдың соңғы сатысын *қал, қой* көмекші етістіктері дербес етістікке тек *-ып, -іп, -п* жұрнақтары арқылы тіркессе ғана білдіреді. Толымды көмекші етістіктер нақ осы шақ жасайды. Мысалы: *көріп отырмын, әндетіп жатырсың, келіп жүрсіз, біліп тұрсың*. Міне, бұлар толымды көмекші етістіктерінің өзіне тән белгілері» [3,222-223]. Ғалым А.Ысқақов бұл төрт етістікті көмекші етістіктер дей отырып, олардың әрі жетекші, әрі көмекші етістік болуға қабілеттілігін ашып көрсетеді. Алайда бұл төрт етістіктің лексикалық мағыналары әр басқа, яғни төрт түрлі деп көрсетеді [4, 260].

Бұл жерде Н.Оралбаева мен А.Ысқақовтың қалып етістіктері жөнінде айтқан пікірлерінің арасында сабақтастық бар. Оны қалып етістіктерінің көмекші етістіктер, соның ішінде толымды көмекші етістіктер қатарында қарастырылуымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған ғалымдар осы қалып етістіктерін етістіктің шақ, рай категорияларымен байланыста қарайды. Бұндай пікірді біз А.Байтұрсынұлының еңбегінен кездестіреміз [5, 236].

Қалып етістіктерінің валенттілік қатынастағы мағыналық ерекшеліктері мен қызметі зерттеуші Г.О.Сыздықованың еңбегінде кеңінен талданып: «Қалып етістіктерінің семантикалық сипаты тұрғысынан басты ерекшелігі – олардың осы шақ мағынасын білдіруі. Осы қасиеті қалып етістіктерінің семантикалық валенттілігіне негіз болады» деген тұжырыммен дәйектеледі [6, 210].

Сонымен, *тұр, жүр, отыр, жат (ыр)* етістіктері тілде түрлі қызмет атқаратын, ерекшелігі мол етістіктер болып саналады. Бұл төрт етістік түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінен бері қарай тілде өте жиі қолданылып келеді. Сол ұзақ уақыттың ішінде олар лексикалық мағынасы жағынан ғана кеңіп, молығып қоймай, грамматикалық дамудан

өтіп, түрлі грамматикалық мағынаға ие болып, түрлі грамматикалық қызмет атқаратын болған. Тілдің қазіргі даму сатысында *тұр, жүр, отыр, жат (ыр)* деген лексикалық мағыналы етістіктер бар, сонымен бірге дыбыстық құрамы жағынан олардан ешбір айырмасы жоқ төрт грамматикалық көрсеткіш бар. Олар шығу тегі жағынан бір болғанымен, қазір тілде басқа-басқа тілдік бірліктерге жатады.

Қалып етістіктерінің түп негізгі лексикалық мағынасы – адамның кеңістіктегі қалпын білдіру [7, 543]. Мысалы: *Біз зябь жыртып жатқан едік. Жұмыс көктемгідей қауырт болмағандықтан, мен бір тракторда өзім ғана істеп жүр едім. Бір күні ымырт жабылған уақытта жұмысты тоқтатып, үстімнің шаңын қағып жатқан кезімде, жол жиегіне май таситын машина тұра қалды да, кабинадан секіріп, тура маған қарай жүрді* (Д.Исабеков).

Бірінші сөйлемдегі *жат* қалып етістігі негізгі мағынасынан қол үзіп, есімшенің *-қан* жұрнағы мен *едік* көмекші етістігімен тіркесіп, аналитикалық форма құрамында бұрынғы өткен шақ мағынасын білдіріп, етістіктің шақ категориясының жасалуына негіз болып тұр.

Келесі сөйлемдегі *жүр* қалып етістігі де жіктік жалғауының I-жағында келіп, *е* көмекші етістігімен тіркесіп аналитикалық форма жасаған.

Тұр қалып етістігі *-а* көсемше формасы және *қал* көмекші етістігімен тіркесіп, аналитикалық форма құрамында ауыспалы осы шақты білдіріп тұр.

Осы төрт етістіктің ауыспалы мағынада қолданылуы – өте жиі кездесетін құбылыс. Төрт етістіктің қайсысының болса да, түрлі мағынада қолданылуы тілде әбден қалыптасқан. Мысалы:

1. Өмір сүру: *Бәтіштің ата анасы жайлауда тұрады.*
2. Уәдесін ұстау: *Әбзел уәдесінде тұрды. Үйіне бара салысымен, әйелі дастарқанды тура еденге жайып жіберді. Төрдегі шекаралық есікке арқамызды тірей жайғастық.*
3. Баға мәнінде: *Балмұздақ қанша тұрады? – деді ентіге сөйлеген Мақсат* (М.Мағауин).

Жоғарыдағы мысалдардан байқайтынымыз, біз қарастырып отырған қалып етістіктері адамнан басқа да жанды-жансыз заттарға қолданылады.

Осы қалып етістіктерінің ішінен *тұретістігі* де басқа қалып етістіктерінен өзіне тән мағынасы, қызметі және қолданылу сипатымен ерекшеленеді. Мәселен, А.Қ.Омарова өз еңбегінде ғалым Қ.Жұбановтың *тұр* етістігі жөніндегі пікірін былайша саралайды: ғалым Қ.Жұбанов *тұр* етістігін **әзіргі осы шақ немесе үзіліссіз-созылықы нақ осы шақ** деп көрсетіп, бұл тұлғаның талдау жасауға қиындық туғызатынын айта келе, *тұр* көмекші етістігінің нақ осы шақ көрсеткіші бола тұра (сөйлеу мезгілімен сәйкес орындалып жатқан жай-күйді білдіру), мысалы, *Жаңбыр жауып тұр* және де ұзаққа созылған істі көрсетуге қабілетті екендігін айтады. Мысалы: *Көптен бері жаңбыр жауып тұр*. Бұл жерде созылықы істің көрсеткіші контекст екендігін көреміз. Сонымен қатар *тұр* формативінің басқаларынан ерекшелігі табиғат құбылыстары мен адамға қатыссыз жай-күйді бейнелеуге икемділігі. Мысалы: *Жел соғып тұр; Күн құйып тұр; Мал оңалып тұр; Дөңгелектер зырлап айналып тұр*. Мұндай жағдайда *тұр* көмекші етістігін *отыр* көмекші етістігі алмастыра алмайды» [8, 20].

Осындай тұжырымдар негізінде *тұр* етістігінің «Қобыланды батыр» жырындағы семантикасы мен стильдік қызметіндегі ерекшеліктерін анықтауға болады. *Тұр* етістігінің жырда жиі ұшырасуының бірден бір себебін осы етістіктің өзіне тән ерекшелігі, атап айтсақ, табиғат құбылыстары мен адамға қатыссыз жайларды білдіруімен де байланысты түсіндіруге болады. Бұл етістік жырда бастан-аяқ кездеспегенімен, батырдың, басқа да кейіпкерлердің іс-әрекетін, қимылын білдіруде барынша қолданылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін, жырдан үзінді келтірсек:

Құртқа сынды сұлуын
Күймеден басын шығарып,
Жылқыға көзін салады.
Ортасында жылқының

Көкала бие *жусап тұр*,
Құртқаның көзі шалады (Батырлар жыры).

Бұл жерде *тұр* етістігінің адамға қатыссыз, яғни жылқының қимылын білдіруде қолданылғанын көріп тұрмыз. Сонымен қоса, онда стильдік сипат та орын алған. Яғни жылқының жай тұрмай, жусап тұрғандығын сипаттау үшін *тұр* етістігі *-п тұр* формантының құрамында көмекші етістік қызметінде қолданылған. Оның үстіне «көкала бие шөп жеп тұр» деп қолдануға да болар еді. Бірақ *жусап тұр* деген тіркес арқылы жылқының шөп жеп тұрғанын білдірумен қоса, қалай жеп тұрғанын, яғни жеу қимылының қалыпты өту сипатын да көрсетеді. Демек, жоғарыдағы мысалдан көріп тұрғанымыздай, *тұр* етістігі семантикалық сипатымен қатар стильдік жағынан да түрліше мәнге ие болады.

Ал мына үзіндіден *тұр* етістігінің басқа етістіктерден тағы бір ерекшелігін байқаймыз:

«Шырағым, балам, кел! – дейді,
Бергенім саған біл, - дейді,
Төбеңде *тұрған төрт бұлт*,
Еншің, балам, сол» - дейді (Батырлар жыры).

Мұндағы ерекшелік: *тұр* етістігінің орнына басқа етістікті қолдана алмаймыз. Мысалы: *отырған төрт бұлт, жатқан төрт бұлт немесе жүрген төрт бұлт* деп мүлде айта алмаймыз. Бұл жерде тек *тұр* етістігін ғана қолдану орынды. Бұл тұжырымды ғалым Қ.Жұбановтың «*Тұр* формативінің басқаларынан ерекшелігі табиғат құбылыстары мен адамға қатыссыз жай-күйді бейнелеуге икемділігі. Мұндай жағдайда *тұр* көмекші етістігін *отыр* көмекші етістігі алмастыра алмайды» - деген пікірімен дәйектеуге болады.

Айы-күні жетіп тұр,
Тууы тұлпар қиын боп,
Жүруге *халібітіп тұр*.
Ішінде тұлпар тулайды,
Биенің *тынысыбітіп тұр*.
Қасына адам жолатпай,
Құртқа жалғыз *күтіп тұр* (Батырлар жыры).

Бұл үзіндіден байқалатыны – *тұр* етістігінің ұйқастың жасалуына ықпал етуі. Мысалы: алдыңғы тармақтарды қозғамай-ақ, соңғы тармақты «*Құртқа жалғыз күтіп отыр*» деп өзгертіп айтсақ, мағынасы сол күйінше қалады. Бірақ соңғы тармақ алдыңғы тармақтармен ұйқаспай, стильдік бояуы жоғалады. Бұл жерде де, аз да болса, стильдік бояу бар. Ол бояу жылқының, Құртқаның іс-әрекетінен айқын көрініп тұр. «Айы-күні жетіп тұр» деген тіркестен жылқының құлындайтын мезгілі болғандығын аңғарамыз. Бұл жолдарда көркемдегіш құралдарды, тұрақты тіркесті қолдану арқылы жырға әсемдік, әсерлілік беру көзделген.

Прагмастистика – стилистика ғылымының жаңа бағыты. Кез келген айтылым адресаттарға ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді тандайды және оның реакциясын тудырады. Адресанттан алынған ақпараттан кейінгі адресаттың белгілі пікірге келіп, қайтадан қандай әрекет жасайтынын прагматика зерттейді. Прагматика адамның белгілі жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастырады. Адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас аясындағы тілдік бірліктердің ықпал ету және әсер ету мақсатынан пайда болған туынды мәтін прагмастистика деп аталады [9, 22].

«Қобыланды батыр» жырындағы *тұр* етістігінің қолданысы мен қызметін прагмастистикалық тұрғыдан да қарастыруға болады. Мысалы:

Сонда сұлу қыз Құртқа
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Көтеріп басын, сөйледі
Естеміс құлға былқылдап:
«Екі саулық, бір қозы

Берер едім қырқарға,
Дүниедегі адамзат
Жан тоя ма іңкәрға?
Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі бурыл тұлпарға?
Дұғай сәлем дегейсің
Тұлпарына жұмсаған
Жұрт иесі – сұңқарға.
Және де сәлем дегейсің
Қарамандай құрдасқа,
Заманы бірге сырласқа,
Жылы бірге жылдасқа,
Жауы бірге мұндасқа.
Аттың күні *толмай тұр*,
Зор салмасын жолбарысқа» (Батырлар жыры).

Бұл үзіндіде Құртқаны адресант есебінде қарайтын болсақ, келесі бір үзіндіден адресанттан алған хабардан кейінгі адресаттың іс-әрекетін байқаймыз:

Мұны естіп Естеміс,
Кейін шауып жөнелді,
Жауабына кенелді.
Айтқанының бәрін де
Қобыландыдай батырға
Бұлжытпай айтып береді.
Мынау сөзді есітіп,
Қобыланды барды құрдасқа,
Жүремін деген жолдасқа.
Сонда тұрып сөйледі:
«Әуелеп ұшып қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын.
Хақ бұйырған сапардан
Жан құрдасым, қалмаймын.
Асыл досым, сөкпеңіз,
Бұл сапарға бармаймын,
Бұл олжадан алмаймын.
Ақ бармақпен жемдеген,
Өзінен басқа мінбеген,
Бағып тұрған баласы,
Күтіп тұрған анасы,
Өзі әйелдің данасы,
Тұлпар туған Бурылдың
Қырық үш күні кем деген» (Батырлар жыры).

Мұнда, жоғарыда айтылғандай, адресанттан (*Құртқадан*) алған хабардан кейінгі адресаттың (*Қобыландының*) іс-әрекеті анық байқалады. Құртқа Қобыландыға бұл жолғы сапарға бармауын, олжадан алмауын, тұлпарға мінбеуін сұрайды. Өйткені тұлпардың қырық үш күні кем. Құртқаның осы сөзін естіген Қобыланды ойланып, ары қарай іс-әрекет жасауға бекінеді. Қобыланды Құртқаның ақылын алып, Қараманға тұлпарға қырық үш күн толмағандықтан, бұл сапарға бармайтынын, олжадан алмайтынын айтады. Бұл арада Құртқа (адресант) мен Қобыланды (адресат) арасындағы қарым-қатынасты, бірінің айтқан сөзінен екіншісі нәтиже шығаруының арқасында орындалған іс-әрекетті байқаймыз.

Қорыта келе, қазақ тіліндегі *тұр* қалып етістігінің өзіне тән семантикасы мен стильдік сипаты, басқа етістіктерден айырмашылығы аталған етістіктің ауыз әдебиеті

жанрларындағы, оның ішінде «Қобыланды батыр» жырындағы қолданысымен де айқындалады.

Қолданылған әдебиет

1. Хасенова А. Етістіктің лексика грамматикалық сипаты. – Павлодар, 2010.
2. Қасабек Қ. Бір буынды негізгі түбір салт етістіктер. – Алматы, 1999.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). – Алматы, 1991.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
6. Сыздықова Г.О. Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік. – Астана, 2010.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. Омарова А.Қ. Құдайберген Жұбанов және қазақ тіліндегі етістік мәселелері. – Алматы, 2000.
9. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматистикасы. – Алматы, 2007.
10. Исабеков Д. Бонапарттың үйленуі. – Алматы, 2002.
11. Мағауин М. Шығармалар жинағы, II-том. – Алматы, 2002.
12. Батырлар жыры. – Алматы, 2009.

ӘОЖ 811.512.122'373:[61:001.4]

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ СИНТЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Шымырова Назгүл Тілеухабылқызы

nazikgul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының II курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева, ф.ғ.к., доцент

Тілдік қордағы көптеген сөздер сөзжасам жүйесінің синтетикалық тәсілі арқылы жасалғанын көптеген ғалымдар дәлелдеп келеді. Синтетикалық тәсіл сөзжасамдық тәсілдердің ішіндегі ең белсенді, ең негізгі тәсіл. А. Ысқақов синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз формаларын категориялық маңыздары мен қызметтеріне қарай сөз жалғастыратын формалар, сөз түрлендіретін формалар және сөз тудыратын формалар деп үш топқа бөледі [2,82]. Терминжасамда синтетикалық тәсілдің сөз тудыратын формалары көптеп қолданылады. Ш.Құрманбайұлы «Термин қор қалыптастыру көздері мен терминжасам жолдары» атты еңбегінде «Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды», - деп термин жасамда қолданылып жүрген 194 сөз тудыратын жұрнақты тізіп көрсетеді [1,101].

Синтетикалық тәсіл арқылы да тілімізде көптеген медициналық терминдер жасалған. Мысалы, айдаршық, айығу, ақсақтық, аналық, бөртпе, вируленттік, гемолиздік, иммундау, сүзек, тершендік, теріскен, ұрықтану. С. Мырзабеков «Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігінде» әліпби тәртібімен 849 қосымша морфеманы тізіп, олардың мағынасы мен қызметін айқындайтын мысалдар келтіреді [3,4]. Зерттеу барысында ғалым көрсеткен жұрнақтардан медициналық термин жасайтын 44 жұрнақ анықталды. Әрине, бұл жұрнақтар тек медицина терминжасамда ғана емес, басқа да түрлі салада термин жасайтын жұрнақтар. Мысалы:

1) –у: зарарсыздандыру, қызару, бөрту, сарғаю, ісіну, сараптау; 2) –еу: көтеу; 3) –уіш: бүркеуіш. 4) –ыс, –іс: рахаттаныс, үзіліс. 5) –шік, –шық: айдаршық, бөбешік, түйіршік, түймешік, ядрошық; 6) –мыс: тарамыс 7) –тал: сезімтал; 8) –ім, –ым, –м: айналым, иілім,